

Сарқан аудандық орталық ауруханасының 2018-2019 жж. 9 айлық қорытындылары

Сарқан ауданында «Тіркелген халық тіркелімі» ақпараттық жүйесі бойынша халық саны – 37859. Аудан халықына 150 төсектік аудандық аурухана,

30 төсектік Лепсі ауылдық ауруханасы, 10 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік – акушерлік пункт, 12 медициналық пункт медициналық көмек көрсетеді. Сарқан қаласында 20 төсектік, дәрігерлік амбулаторияларда 80 төсектік күндізгі емдеу бөлімдері қызмет атқарады.

Кадрлары: Аудан бойынша барлық емдеу мекемелерінде 64 дәрігер бар. Дәрігер мамандармен қамтамасыз етілуі – 16,9 (10 000 халыққа шаққанда). Аудан бойынша барлық емдеу мекемелерінде орта буын медицина қызметкер саны - 365. Орта буын мамандарымен қамтамасыз етілуі – 96,4 (10 000 халыққа шаққанда).

Демографиялық көрсеткіш:

	2018 ж. 9 ай	2019ж. 9 ай
Түү көрсеткіші	563 – 19,2	499 – 17,8
Жалпы өлім	280 – 9,49	240 – 8,55
Табиғи өсу	9,7	11,8
Нәресте өлімі	5 – 8,9	3 – 6,0

Ана мен сәби өлімі бойынша:

Сарқан ауданында 2 ана өлімі тіркеліп отыр, 1 – уі Алмалы ауылының тұрғыны Талдықорған қаласының перинаталды орталығында, біреуі Қарабөгет ауылының тұрғыны Талдықорған қаласының облыстық ауруханасында қайтыс болды. Шетінеген 3 сәдің біреуі аудандық ауруханада, екеуі Талдықорған қаласының перинаталды орталықта қайтыс болды. Шетінеген 3 сәбидің себептері: 1 нәресте туа біткен жүқпалы ауруынан, 2 – уі мерзімінен ерте туылудынан.

Ана мен бала денсаулығын қорғау мақсатында:

- ауданының колледждері мен мектептерінде жүктілікті жоспарлау, әйел денсаулығы, ерте жүктілік тақырыптары бойынша 11 семинар мен жүктілікті жоспарлау кабинетінде 358 жүкті әйелдер мен бала туу жасындағы әйелдерге тренинг өткізді;
- 30 жасының бастап ерте кезеңде жатыр мойны катерлі ісігіне 2097 әйел қаралып, анықталғаны - 7, 40 жастан бастап сүт безінің катерлі ісігіне 2094 әйел қаралып, 61 әйел анықталды;

- 2019 жылдың 9 ай ішінде жүктілігі бойынша 543 әйел, оның ішінде 12 аптаға дейін 467 әйел (86%) еспек алынды;
- тұа біткен ақауларды анықтау мақсатында бірінші триместрде 481, 2 – триместрде 296, 3 – триместрде 302 ультрадыбыстық зерттеу және 244 генетикалық зерттеу жүргізіліп, тұа біткен ақаулар анықталған жок;
- «Дені сау бала бөлмесі» қызмет атқарады;
- балалық шақтағы ауруды ықпалдаса емдеу бағдарламасы Зске асырылып, педиатриялық орта буын қызметкерлері 100 % (ИВБДВ) оқытылыды;
- 124 әлеуметтік жағдайы төмен жанұя балалары және 1 жасқа дейінгі балалар жасанды тамактандырумен қамтамасыз етілді;

Әлеуметтік маңызы бар аурулар арасында туберкулезге шалдығушылық аудан бойынша 2018 жылдың 9 айында 19 жағдай (100 000 халыққа шаққанда -49,8) тіркелсе, 2019 жылы 15 жағдай тіркелген (100 000 халыққа шаққанда - 39,6). «Денсаулық» бағдарламасы бойынша жоспар көрсеткіші - 49,0.

Туберкулезге шалдығушылық себептері:

1. Рентген, флюорография тексерулерімен толық қамтылуынан анықталып отыр. Тіркелген 15 науқастың 12 - і профилактикалық тексерумен, 3-і шағыммен өздері келіп тексерілуден анықталды.
- 2.Әлеуметтік жағдайы төмен, ішімдікке салынған отбасыларынан.
- 3.Жұмыссыздықтан ауылдан қалаға барып, тұрмыс, жұмыс ережесі сақталмайтын жағдайда жұмыс істейді. Тіркеуден шығып, барған жерлерінде тіркелмейді. Дәрігерлік қараудан өтпейді. Денсаулығы нашарлаған кездеғана, медициналық көмекке жүгінеді. Ауылды жерлерде үй-күйі жок, жалдамалы жұмыста жүргендерден көп анықталады, себебі жұмысқа жалдаушы иесі жұмысшысына қолайлы жағдай жасамайды.

Туберкулезге шалдықкан 15 науқастың барлығы өкпе туберкулезімен тіркелді.

Туберкулезге шалдығушылықты азайту үшін:

- халықтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту;
- көші-қон ережесін сақталуын тұрғындардан талап ету;
- жұмыссыздықты азайту, жалдамалы жұмыстағыларға қолайлы жағдай жасалуын талап ету, қадағалау;
- алдын-ала тексеру жұмыстарын жоспарға сәйкес, толық жүргізу
- халық арасында ағарту жұмыстартарын күшету.
- анықталған науқастарды уақытысында есепке алып, тиісті ем-шараларын қолдану, ошақты толық тексеруден өткізу, ұлттық жоспарға сәйкес екпе жұмыстарын жүргізу.

Катерлі ісік ауруларына шалдығушылық аудан бойынша 2018 жылдың 9 айында 52 жағдай (100 000 халыққа шаққанда - 136,3) тіркелсе, 2019 жылы

59 жағдай тіркелген (100 000 халықта шақканда – 155,8). Қайтыс болғандар 2018 жылдың 9 айында 11 адам, 2019 жылы 13 адам.

Жылда қатерлі ісік ауруларының алдын – алу және ерте кезеңде анықтау мақсатында тік ішек қатерлі ісігіне, сүт безі қатерлі ісігіне, жатыр мойнының қатерлі ісігіне және глаукома, қан – тамыры жүйесі ауруларына, қант диабетін анықтауда нысаналы топ адамдарына тексерілу жоспарланып жүргізіледі. Биыл тік ішек қатерлі ісігіне 2489 адам жоспарланып, 2019 жылдың 9 айында 2483 – і өтіп, 2 адамнан тік ішек ісігі анықталды. Глаукомаға 3996 адам жоспарланып, 3983 адам тексерістен өтіп, анықталған науқастар – 3. Қант диабетіне 3996 адам жоспарланып, 5 науқас анықталды. Жоспардан тыс емханаға келген науқастар да флюорографиядан, онкологиялық қараудан өткізіледі.

Анықталған науқастар қатерлі ісікке шалдығушылықты көбейткенімен, уақтылы емдеу шараларын жүргізуге, хирургиялық емдеуде ағзаны сақтап қалу мүмкіншілігін, 5 және одан да көп жыл өмір сүру қабілеттілігін арттырады.

Қазіргі таңда құрылышы тоқырау заманында тоқтап қалған перзентхана ғимаратын 105 төсектік аурухана мен тәулігіне 200 адам қабылдайтын емхана ғимаратына реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. Жұмысты аяқтау мерзімі – 2019 жылдың желтоқсан айы. Құрылыш сомасы – 1 677 млн.тенге.

2019 жылдың 9 айында 11,2 млн.тенгеге медициналық құрал – жабдықтар сатып алынды. Оның ішнде зертхана бөліміне зәр анализаторы, 2 коагулометр, перзентхана бөліміне төсек жанындағы монитор, Лепсы ауруханасына алкотест, емханаға сәулелендіргіш, қақырық жинайтын бөлме сатып алынды.

Өзекті мәселелер:

1. Медициналық мекемелер бейімделген ғимараттарда орналасуы мен санитарлық ереженің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты Черкасск, М.Төлебаев дәрігерлік амбулаторияларына, жұқпалы аурулар бөліміне күрделі жөндеу қажет. Сонымен қатар Карабөгет амбулаториясының тозығы жетуіне байланысты жаңа ғимарат қажет.